

Дефолт фактілерін болдырмау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 18 желтоқсан N 572

Шетел несиешілерінің алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау, сондай-ақ дефолт фактілерін болдырмау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктерінің ұсынған шоттары негізінде мерзімі өткен және алдағы төленетін жалпы сомасы 1 497 341 (бір миллион төрт жүз тоқсан жеті мың үш жүз қырық бір) АҚШ долларын дәрменсіз займшылар үшін қосымшаға сәйкес, сондай-ақ 1996 жылға арналған бюджетте "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражаттар есебінен есептелген айыппұлдар сомасын төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкі уақытша

алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде қажетті барлық шараны қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 18 желтоқсандағы
N 572 өкіміне
қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі мерзімі өткен
және алдағы төленетін төлемдердің

СОМАСЫ

АҚШ долларында

Займшы-ұйым	Төлем	Оның ішінде
сомасы	_____	
	негізгі борыш	проценттер басқасы

Испания несие желісі| | |

"Қайнұр" ӨКФ	724 995,99	700 572,50	24 423,49	-
Канада несие желісі				
"Ақтөбемұнай" АҚ	278 295,26	239 285,71	35 467,46	3 542,09
АҚШ несие желісі				
"Тағам" АҚ	494 049,62	-	458 932,23	35 117,39
<hr/>				
Барлығы	1 497 340,87	939 858,21	518 823,18	38 659,48
<hr/>				